Абдраимова Бану Аманжолқызының
«Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы, 8D01721 – «Шетел тілі педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Абдраимова Бану Аманжолқызының диссертациялық жұмысы қазіргі педагогика ғылымы мен шеттілдік білім берудің өзекті әрі маңызды мәселесіне арналған. Бұл зерттеу цифрлық технологияларды пайдалану арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін теориялық тұрғыдан негіздеуге және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі жаһандану, білім беруді цифрландыру және мәдениетаралық коммуникация аясының кеңеюі жағдайында мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын, бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау қажеттілігімен айқындалады. Шетел тілі мұғалімінің кәсіби даярлығы тек тілдік білім мен дағдылармен шектелмейді: болашақ маман тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсініп, мәдени мағыналарды түсіндіре алуы және оларды мәдениетаралық қарым-қатынас пен педагогикалық іс-әрекетте орынды қолдана білуі тиіс. Қоғамның осындай мамандарға деген сұранысы мен арнайы әзірленген оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қайшылық зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.

Диссертациялық зерттеуді орындау барысында ізденуші тақырып бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге терең әрі жан-жақты талдау жүргізген, лингвомәдени құзыреттілік ұғымының мәнін, мазмұны мен құрылымын теориялық тұрғыдан негіздеген. Докторант лингвомәдени құзыреттіліктің ақпараттық-аналитикалық, когнитивті-коммуникативті және прагматикалық субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымын анықтап, оны цифрлық технологиялар арқылы қалыптастырудың лингводидактикалық шарттарын айқындаған.

Ізденуші мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелік блоктардан тұратын лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Модельдің әдіснамалық негізін құзыреттілік, интерактивтік және аксиологиялық тәсілдер, сондай-ақ коммуникативтілік, ынтымақтастық және өзара әрекеттесу, тұлғаға бағдарланған оқыту принциптері құрайды. Модель аясында Nearpod платформасында жаттығулар мен тапсырмалар кешені жасалған.

Сонымен, зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігінің мәнін теориялық тұрғыдан негіздеумен, оның құрылымын субқұзыреттіліктер деңгейінде нақтылаумен, сондай-ақ оны цифрлық білім беру ортасында қалыптастырудың

лингводидактикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеумен сипатталады.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы лингводидактика мен шетел тілін оқыту әдістемесінің теориясын лингвомәдени құзыреттілікті цифрлық ортада қалыптастыру туралы жаңа тұжырымдармен толықтыруымен айқындалады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігімен байланысты. Nearpod платформасында әзірленген «Practicum on formation linguocultural competence of future foreign language teacher» оқу-әдістемелік құралы (Алматы, 2023; ISBN 978-601-09-8676-3) болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда негізгі дидактикалық құрал ретінде пайдаланылады; аталған құралға авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік (№ 77002, 29.07.2026) алынған.

Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін көрсетіп, эксперименттік топтағы студенттердің лингвомәдени құзыреттілік деңгейінің оң динамикасын айқындады, ал алынған нәтижелердің сенімділігі математикалық-статистикалық әдістер арқылы расталды.

Ғылыми кеңес беру барысында Абдраимова Бану Аманжолқызы жоғары деңгейдегі дербестік, жауапкершілік, ғылыми адалдық және зерттеушілік бастама көрсетті. Ол ғылыми дереккөздермен жұмыс істеу, теориялық материалды талдау және жалпылау, педагогикалық эксперимент ұйымдастыру және нәтижелерді статистикалық өңдеу қабілетін жоғары деңгейде көрсетті.

Алынған зерттеу нәтижелері негізделгендігімен, сенімділігімен ерекшеленеді және эксперименттік жұмыс деректерімен расталған. Диссертацияның негізгі қағидалары ғылыми жарияланымдар мен конференциялар арқылы жеткілікті деңгейде апробациядан өткен: зерттеу тақырыбы бойынша 12 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 2 мақала Scopus деректер базасында индекстелген журналдарда, 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 5 еңбек халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында, 1 еңбек халықаралық дөңгелек үстел материалдарында жарық көрді.

Қорыта келе, диссертациялық жұмысқа оң баға беруге болады. Абдраимова Бану Аманжолқызы 8D01721 – «Шетел тілі педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті, дербес орындалған әрі аяқталған ғылыми зерттеу болып бағаланып, қорғауға жіберуге ұсыныс жасаймын.

Ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
А.А. Жайтапова